6D020900 – Шығыстану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған Әмірбекова Сағыныш Көпенқызының «Әлемдік және отандық шығыстанудағы «Араб көктемінің» насихатталу аясы: салыстырмалы талдау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысқа

АННОТАЦИЯСЫ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы

Диссертацияда 2010 жылдың аяғында Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка (ТШСА) аймағында жаңғырып өткен «Араб көктемі» революциялар аясында мәселелер қарастырылатын әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің кең спектрін ұсынатын батыс, араб, ресейлік, сондай-ақ, қазақстандық шығыстанушы ғалымдардың, сондай-ақ, сарапшылардың бүгінгі күнге дейін қол жетімді барлық көзқарастарына талдау жасалды. Мұндай талдау өзара байланысқан саяси, экономикалық, әлеуметтік проблемалар, оған қоса, ТШСА елдерінің көпшілігіндегі күрделі этно-конфессиялық ахуал призмасы арқылы араб әлеміндегі әлеуметтік наразылықты қарастырып, көпаспектілі зерттеуге жағдай жасайды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Біріншіден, диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі келесі мәселелермен шартталған: Магриб пен Машрикегі араб елдерінде әсіре толқыған төңкеріс процестері «қосылған» сәттен бастап, 2010 жылдың аяғында орын алған оқиғалар аяқталған жоқ, олардың үздіксіз сипат алғанын бақылаймыз. «Араб көктемінің» сценариі Орталық Азияның тәуелсіз мемлекеттерін қоса алғанда, әлемнің басқа да аймақтарында қайталанды. 2022 жылғы Қазақстандағы «Қайғылы қаңтар» мысалы соның айқын айғағы болып, диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігін асыра түседі.

Екіншіден, ТШСА аймағы ғасырлар бойы әлемдік саясатта, экономикада, мәдениетте және дінде шешуші рөл атқарды. Әлемдік өркениеттің маңызды орталықтарының бірі ретінде, адамзаттың дамуына үлкен әсер етті, оның саяси, экономикалық, діни және мәдени орталық ретіндегі тарихи маңызы XXI ғасырда да сақталды. Шығыс елдеріне әсер ететін қазіргі жаһандану жағдайында бұл рөл тек өсе түсіп, әлемдік және аймақтық державалардың назарын аударады, олардың мүдделеріне де әсер етеді.

Әлемдік ориенталистика ТШСА-дағы барлық процестерді үлкен қызығушылықпен бақылайды, мұнда «Араб көктеміне» ерекше назар аударылды. Өткен уақыт ішінде араб революцияларының себептерін әртүрлі көзқарастардан қарастыруға мүмкіндік беретін мол материал жиналды, осылайша, бүгінде ТШСА араб қауымдастықтарында болып жатқан көптеген саяси, экономикалық, әлеуметтік процестердің мәнін ашуға мүмкіндік берді. Осы процестерді талдау отандық, «қазіргі шығыстанудың» дамуына үлес қосып, зерттеу құндылығын асыра түседі.

Үшіншіден, «Араб көктемі» және ТШСА аймағындағы революцияның одан әлгері барысы исламдық саяси партиялардың (Тунистегі «Ан-Нахда», «Египет пен Ливиядағы мұсылман бауырлар») қатты ұйқыдағы саяси режимдерінің «рухын» жандандырып, жаңғыртты, сондай-ақ, радикалды исламистік лаңкестік әрекеттердің жаңа деңгейіне көтерілді («Әл-Каида», ДАИШ, Джебхат әл-Нусра және т.б.) және Ирак пен Сириядағы азаматтық қақтығысқа ұласып, дүниежүзілік мұсылман мемлекетін құру идеясын қайта тірілтіп, Орталық Азия елдерін, соның ішінде, Қазақстанды өзінің идеологиялық ықпал ету аймағына енгізді.

Осы және басқа да мәселелер «Араб көктемі» оқиғаларын мұқият зерделеуді талап етеді, мұндай революциялардың Орталық Азия елдеріне әсер ету дәрежесін бағалауға және деструктивті салдардың таралуын болдырмайтын стратегияларды әзірлеуге мүмкіндік береді.

Проблеманың жете зерттелу дәрежесі

«Modern Oriental Studies» шеңберіндегі «Араб көктемі» мен 2010 жылдардағы араб революцияларын зерттеу мәселесіне шетелдік және отандық әдебиеттегі көптеген еңбектер арналған. Араб көктемі тақырыбының жете зерттелу деңгейі өте жоғары және ол саясаттану, әлеуметтану, тарих, халықаралық қатынастар және аймақтану тәрізді әртүрлі салалардағы зерттеушілердің назарын аударуды жалғастыруда. Зерттеушілер Араб көктемін әртүрлі теориялық және әдіснамалық тұрғыдан қарастырады. Ішкі және сыртқы факторлардың рөлі, әлеуметтік желілердің әсері, наразылық қозғалыстарының табиғаты, сондай-ақ, аймақты демократияландыру, тұрақтылық және геосаясаттың салдары туралы пікірталастар да бар. Жекелеген елдерде (Тунис, Египет, Ливия, Сирия, Йемен, Бахрейн және т.б.) «Араб көктемін» зерттеуге, наразылықтардың айрықша ерекшеліктерін және олардың салдарын әрбір нақты контексте айқындауға көп көңіл бөлінеді. Көптеген зерттеулер «Араб көктемінің» қысқа және ұзақ мерзімді салдарын, оның ішінде: саяси өзгерістерді, экономикалық қиындықтарды, әлеуметтік өзгерістерді, экстремизмнің өсуін және аймақтық қақтығыстарды талдауға бағытталған. «Араб көктемінің» негізгі оқиғалары он жылдан астам уақыт бұрын болғанына қарамастан, тақырып аймақтағы тұрақсыздыққа, саяси процестердің аяқталмауына және өткеннің сабақтарын ұғыну қажеттілігіне байланысты өзекті болып қала береді.

Дегенмен, зерттеулердің айтарлықтай көлеміне қарамастан, «Араб көктемінің» тақырыбы дамуын жалғастыруда. Жаңа деректер пайда болады, процестерді түсіну тереңдей түседі және алғашқы тұжырымдар қайта түсіндіріледі. Саяси институттарға ұзақ мерзімді әсер ету, сыртқы акторлардың рөлі, әлеуметтік қозғалыстардың эволюциясы және аймақтық қақтығыстардың әсері тәрізді әрі қарай зерттеуді қажет ететін пікірталас мәселелері мен бағыттары қалады. Осылайша, «Араб көктемінің» тақырыбы жете зерттелген деп айтуға болады, бірақ, ілгерідегі зерттеулер Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадағы саяси және әлеуметтік процестердің динамикасын түсіну үшін маңызды және өзекті болып қала береді.

Зерттеу объектісі – Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка (ТШСА) аймағындағы «Араб көктемі» феномені.

Зерттеу тақырыбы – батыс, араб, орыс және отандық ғалымдардың «Араб көктемі» революцияларының пайда болуының негізгі факторлары және олардың аймақтық және жаһандық деңгейдегі салдары туралы теориялық және тұжырымдамалық пікірлері.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты – әлемдік және отандық ориенталистиканың баяндауындағы «Араб көктемі» революцияларын зерттеу, 2010 жылдардағы араб революцияларына алып келген ішкі және сыртқы факторларды, сондай-ақ, өткен оқиғалар контекстіндегі сыртқы акторлардың геосаяси орналасуындағы Қазақстан Республикасының рөлі мен орнына салыстырмалы талдау.

Зерттеудің алға қойылған мақсатын іске асыру төмендегі міндеттерді шешуді ұйғарады:

– Таяу Шығыстағы саяси процесті бағалау үшін батыс, араб, ресейлік және отандық сарапшылардың пікірлерін ескеріп, баяндау;

– әлемдік және отандық ориенталистикадағы теориялық-тұжырымдамалық көріністеріндегі «Араб көктемін» түсіндірудің негізгі бағыттарын талдау;

– «Араб көктемін» халықаралық қатынастар теориясы контекстіндегі қазіргі феномен ретінде сипаттау;

– «Араб көктемі» оқиғаларының негізгі эндогендік факторларын ТШСА аймағындағы революциялардың басталуындағы негізгі триггерлер мен факторлар ретінде анықтау;

– *«ante et post»* зерттелетін оқиғалардың барысына, әсіресе АҚШ, Түркия, Иран және Ресейдің ықпалына қандай да бір әсер еткен сыртқы әсерлердің рөлін белгілеу және сипаттау;

– Орталық Азия елдеріндегі саяси тұрақтылыққа радикалды исламистік қозғалыстар тарапынан төуекелдер мен қатерлерді талдау;

– Қазақстанда діни экстремизмнің жастар арасында таралу алғышарттарының мониторингін жүзеге асыру;

– «Араб көктемі» шеңберінде Қазақстанда діни экстремизм мен діни-уәжді лаңкестіктің таралу қаупіне қарсы тұруға бағытталған шаралар кешенін ерекшелеп көрсету;

– Қазақстандағы 2022 жылғы «Қайғылы қаңтар» оқиғаларын 2010 жылдардағы Араб революцияларының сценарийімен салыстыру контекстінде талдау.

Диссертациялық зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі – зерттелетін мәселе бойынша отандық және шетелдік авторлардың еңбектері болды. Олардың ішінде өткен және қазіргі замандағы араб қауымдастықтары өмірінің тарихи шартты, саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени аспектілерін қозғайтын теориялық жұмыстар ерекше орын алады. Жұмыста жалпы ғылыми әдістер – талдау, синтез, индукция, дедукция, сондай-ақ арнайы әдістер – текстологиялық әдіс, факторлық талдау әдісі, диахрондық әдіс, синхронды талдау қолданылған, бұл «Араб көктемі» оқиғаларынан туындаған процестердің мәселелерін барынша толық және объективті зерттеуге мүмкіндік берді.

Диссертациялық жұмыстың эмпирикалық және дереккөздік базасы мыналардан тұрады: соңғы уақытта жарияланған шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулері (кітаптар, ғылыми монографиялар, мақалалар); араб-мұсылман елдерінің ресми құжаттары мен заңдары; халықаралық және аймақтық ұйымдардың қарарлары мен ресми құжаттары; саяси қайраткерлердің сөздері, мәлімдемелері, сұхбаттары; шетелдік, отандық және мемлекеттік жаңалық агенттіктерінің материалдары; араб мемлекеттерінің халықаралық және статистикалық деректері; Қазақстанда экстремизм таралуының нақты алғышарттарын анықтау үшін зерттеу барысында диссертант жүргізген социологиялық сауалнама деректері, сондай-ақ, Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру туралы есеп.

Зерттеудің хронологиялық шеңбері 2011-2022 жж. белгіленеді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мыналарда:

1. диссертациялық зерттеу XXI ғасырдың бірінші ширегіндегі ең ірі саяси дағдарыстың тарихи, әлеуметтік және экономикалық себептеріне арналған батыс және араб авторларының зерттеулеріне жан-жақты талдау жасады. Айта кету керек, «Араб көктемі» өткен елдердің зерттеушілерінің еңбектері, бұрын отандық ғылыми әдебиеттерде тиісті түрде жарияланбаған. Осыған байланысты, ТШСА аймағын қамтыған процестердің тарихнамасында осы вакуумды толтыру белгілі бір жаңалыққа ие;

2. жұмыста ұсынылған зерттеудің әртүрлі аспектілеріне тікелей немесе жанама әсер ететін тарихнамалық база жүйеленген, сондай-ақ осы бағытта одан әрі зерттеу үшін база құрылған;

3. ұсынылған диссертациялық зерттеу аясында саяси дағдарыс, діни негізделген терроризм және экстремизм мәселелерін шешудің әдіснамалық негіздері ұсынылды;

4. диссертацияда алғаш рет батыс және ресейлік сарапшылардың Араб Шығысындағы ғалымдардың сыртқы факторына қатысты ұстанымдарының ерекшеліктеріне салыстырмалы талдау жасалды. Сонымен бірге ресейлік зерттеушілердің көзқарастары Ресей Федерациясының әскери-саяси басшылығының ұстанымымен байланысты;

5. ғылыми айналымға араб, ағылшын және басқа тілдердегі көптеген дереккөздер енгізілді, бұл оларды араб әлемі елдеріндегі саяси және әлеуметтік-экономикалық

дамудың жағымсыз құбылыстарына қарсы тұратын теориялық салыстырмалы - тарихи тұжырымдамаларды әзірлеу үшін пайдалануға мүмкіндік береді;

6. диссертациялық жұмыста зерттеушілердің Араб әлемі елдеріндегі саяси дағдарыстардың мәні мен шығу тегі туралы теориялық және әдіснамалық көзқарастарын типологиялау жүргізілді, бұл өткен оқиғалар араб халықтарының өміріндегі әртүрлі құбылыстар (саяси, әлеуметтік, экономикалық, этникалық, діни және т. б.) бір-бірімен тығыз байланысты күрделі сипатта болады деген қорытындыға келуге мүмкіндік береді;

7. диахрондық (тарихи) және синхронды аспектілерде Араб Шығысының әлеуметтік-саяси дағдарыстары мен ішкі саяси тұрақсыздығының катализаторы ретінде әрекет ететін ішкі және сыртқы факторлар топтары зерттелді;

8. қазақстандық ғылыми - сараптамалық қоғамдастықтың «Араб көктемі» оқиғалары контекстіндегі зерттеулеріне теориялық және практикалық тұрғыдан талдау жүргізілді;

9. ТШСА жекелеген араб елдеріне тән наразылық сөздерінің ерекшеліктері, сондай-ақ жалпы араб елдеріне тән жалпы белгілер анықталды. Бұл құрылған матрицаны мұсылман әлемінің басқа аймақтарына, соның ішінде Орталық Азия елдеріне экстраполяциялау үшін әдіснамалық негіз жасайды.

Қорғауға шығарылатын негізгі қағидалар:

1. «Араб көктемі» – бұл әлеуметтік-экономикалық проблемалар мен саяси бостандықтарға ұмтылудан туындаған 2011-2013 жылдардағы үкіметке қарсы наразылықтар, көтерілістер мен қарулы көтерілістер сериясы. «Араб көктемінің» нәтижесі – бірқатар авторитарлық режимдерді құлату болды, алайда, аймақ саяси тұрақсыздыққа, азаматтық соғыстарға, Батыс Еуропа елдеріне көші-қонға және радикалды экстремистік-террористік қозғалыстардың жандануына әкеліп соқты;

2. «Араб көктемінің» детерминант талдауы эндогендік фактордың бас рөлін растайды. Ресей, батыс, араб және қазақстандық ғылыми қоғамдастықта эндогендік сипаттағы көптеген факторлар объективті және егжей-тегжейлі баяндалды. Ондаған жылдар бойы жинақталған факторларға мыналар кірді: әлеуметтік-экономикалық мәселелер – жұмыссыздық, табыс теңсіздігі, кедейлік, мемлекеттік органдардағы сыбайлас жемқорлық, әлеуметтік лифттердің болмауы және экономика мен реформалардың тиімсіздігі, сондай-ақ, саяси мәселелер – авторитаризм, демократиялық институттардың болмауы, сыбайлас жемқорлық, сайлауды бұрмалау және билікті мұрагерлікке беру;

3. «Араб көктемі» аймақтағы геосаясатқа жойқын әсер етті, Түркия, Иран және Сауд Арабиясы аймақтағы үстемдік үшін күресті жандандырды, сонымен қатар, аймақтық көшбасшылық АҚШ, Батыс пен Ресей арасындағы араб әлемінің қандай болса да бір елі үшін сараланған маңызы бар қызу күрестің тақырыбына айналды, геосаяси қарама-қайшылық шеңберіндегі онсыз да осал әлемді онан сайын әлсіретуі мүмкін этно-конфессиялық қайшылықтар күшейе түсті;

4. «Араб көктемі» оқиғаларын талдау отандық және шетелдік зерттеушілердің пікірлері арқылы жүзеге асырылады. Батыс, араб, ресейлік және қазақстандық шығыстанушылар, саясаттанушылар, философтар мен экономистердің пікірлерін қоса алып, бүгінгі таңдағы барлық көзқарастарға кешенді шолу. Бұл тәсіл ТШСА-дағы әлеуметтік-экономикалық проблемалар мен геосаяси факторлардың өзара байланысын анықтап, «Араб көктемін» әр түрлі жағынан қарастыруға мүмкіндік береді;

5. 2010 жылы араб әлемінде жүріп өткен революциялық процестердің күрделілігі мен жан-жақтылығын тереңірек түсінуге ықпал етуге себепші болатын категориялардың әрқайсысы, бес дискурстық категорияға топтастырылған ғалымдар пікірінің призмасы арқылы «Араб көктемін» ұғындыру ұсынылады;

6. Таяу Шығыс өңіріндегі оқиғалардың Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне әсері мәселесі мұқият зерттеуді талап етеді, өйткені, тұрақсыздық пен біліксіздік ТШСА өңірінде қылмыс пен терроризмнің өркендеуіне тамаша жағдай жасайды, ал

исламдандыру және радикалдандыру процестері экспортталады, және Орталық Азия елдеріне, оның ішінде, Қазақстанның қауіпсіздігіне тікелей қатер төндіреді;

7. Қазақстан Республикасындағы қазіргі жастардың діндарлық деңгейі, тұтастай алғанда, бүкіл Орталық Азия үшін ортақ тенденциялар шеңберінен шықпайды, ал, қолда бар, өте қарапайым болса да, эмпирикалық деректер Орталық Азия елдерінің жас ұрпағы *діни экстремизм мен терроризм идеяларына біршама немқұрайлы* қарайтын нақты тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Бұл тұжырымдар экстремизм мен терроризмнің таралу алғышарттарына арналған Қазақстан жастары арасында жүргізілген әлеуметтік мониторингтан көрінеді;

8. жалпы ресурстарға бай және әлеуметтік-экономикалық проблемалары бар мемлекет – 2022 жылғы Қазақстандағы «Қайғылы қаңтар» оқиғасы, 2010-шы жылдардағы «Араб көктемімен» параллельдер жүргізуге негіз береді. Әр түрлі географиялық аймақтарда болған осы екі оқиғаның сабақтары үш ортақ факторға ие: әлеуметтік, ішкі саяси және геосаяси.

Жұмыстың ғылыми-теориялық және практикалық маңызы:

Диссертациялық жұмыстың қағидалары «Араб көктемі» мәселелерін одан әрі зерттеуде қолданылуы мүмкін. Зерттеу материалдары, әсіресе, тарихи-мәдени және діни ортақтықтары байланыстыратын тығыз саяси, экономикалық және мәдени тұрғыдан Қазақстанды араб әлемі елдерімен байланыстыратын халықаралық саяси процестерді талдау және болжауда пайдаланылуы мүмкін,.

Диссертациялық зерттеудің нәтижелері Шығыстану пәндері бойынша дәріс курстары мен арнайы курстарда («Қазіргі шығыстанудың іргелі мәселелері мен тұжырымдамалары»), халықаралық қатынастар мен әлемдік геосаясатта, саясаттануда және т.б., шетелдік Аймақтану бойынша оқу құралдарын әзірлеуде, Таяу Шығыс пен Солтүстік Африканың араб елдеріндегі саяси процестерге арналған анықтамалық әдебиеттерді дайындау, Қазақстан Республикасында және жалпы Орталық Азия елдерінде діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл мақсатында пайдаланылуы мүмкін.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы, ең алдымен, Ресей, Батыс, ТШСА елдері мен Қазақстан ғалымдарының тұжырымдамалық пікірлеріне салыстырмалы талдау жүргізу болып табылады. Таяу Шығыстағы революциялық оқиғалардың факторларын, процестері мен салдары кешенді талданып, зерттелді. ТШСА аймағында наразылық қозғалыстарының туындау детерминатын кешенді талдауға және «Араб көктемінің» Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне әсерін бағалауға арнап, ұсынылған диссертациялық зерттеу, өңірде болып жатқан процестер туралы объективті білім алу және олардың деструктивті салдарларына қарсы іс-қимылдың тетіктері мен тиімді стратегияларын әзірлеу және ықтимал қауіптерді бейтараптандыруда маңызы зор.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау. Диссертациялық жұмыс Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің шығыстану факультеті Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы мен ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының Таяу және Таяу Шығыс елдері бөлімінің бірлескен мәжілісінде талқыланып, қорғауға ұсынылды.

Диссертациялық зерттеудің негізгі ғылыми-теориялық нәтижелері, материалдары мен қорытындылары 16 жарияланымда баяндалды (оның ішінде: ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған басылымдардағы – жеті мақала, WEB of Science және Scopus дерекқорында индекстелетін екі ғылыми мақала; таяу шет елдердің журналдарындағы екі мақала («Жас зерттеуші: сын-тегеуріндер мен перспективалар», Ресей, 2018-2019), халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарындағы – төрт және ғылыми журналда – бір мақала).

Диссертациялық жұмыстың құрылымы зерттеу тақырыбын жайып көрсетудің логикасына, қойылған мақсат пен шешілетін міндеттердің ерекшеліктеріне байланысты. Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған дереккөздердің тізімінен тұрады.